

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.3 - С. 245 - 246

КЕҢІСТІК МӘЛІМЕТТЕРДІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ҚҰРУДА САНДЫҚ ТОПОГРАФИЯЛЫҚ КАРТАЛАР МЕН ПЛАНДАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

*Альбосынова М.
Кусаинова Г.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасы және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (52-тармақ), онда «Ұлттық кеңістіктік мәліметтер инфрақұрылымы» жобасын құру және іске асыру туралы бекітілген.

Егемендік алған кезде елдің аумағы әлі күнге дейін өзінің мемлекеттік геодезиялық және картографиялық қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесімен қамтылмаған, Қазақстан Республикасы аумағының топографиялық қауіпсіздігінің жағдайы ерекше алаңдаушылық тудырады, шамамен 60% карталар ауданның қазіргі жағдайына сәйкес келмейді.

Кеңістіктік деректер инфрақұрылымы (КДИ) – бұл ұлттық кеңістіктік қорларға кең қолжетімділікті, кеңістіктік мәліметтердің азаматтар, ұйымдар, билік органдарымен, сондай-ақ өзін-өзі басқару органдарымен нәтижелі қолдануды қамтамасыз ететін негізгі кеңістіктік мәліметтердің, метамәліметтердің, ұйымдастырылған құрылымдардың, құқықтық реттеу механизмдерінің, әдістемелік базаның, технологиялар мен техникалық құралдардың жүйесі. Бұл жобаның іске асуы аса ауқымды жұмыстар көлемін қажет етеді.

Әрине, ең алдымен ұлттық координаттар жүйесін құру қажет. 1999 жылдан 2017 жылға дейінгі кезеңге геодезиялық және картографиялық мәліметтерді қолдана алатын экономика салаларында келесі көрініс байқалады.

Мерзімді құлдырауға және өсуге қарамастан, экономиканың көптеген салаларында шетелдік кәсіпорындардың үлесі оң тұрақты динамикаға ие және жыл сайын геодезиялық және картографиялық мәліметтерді қолдана алатын шетелдік және отандық кәсіпорындар саны өсіп келеді.

Ең белсенді өсім құрылыста, тау-кен өндірісінде және жылжымайтын мүлікте байқалады. Геодезиялық және картографиялық мәліметтер

экономиканың жоғарыда аталған салаларында қолданылады және көптеген басқа салаларда жанама түрде қолданылады.

Жер құқықтық қатынастарынан туындайтын даулардың 50%-ы жерге дұрыс түсірілмегендіктен немесе жерге құқық басқа иеленушіге өткен кезде туындайды. Бұл кезде қандай да бір нысан шекаралары мен өлшемдерін нақтылау үшін топографиялық түсірілім жүргізіледі. Топографиялық түсірістің дәлдігіне қолданылған СК-42 координаттар жүйесі мен атқарушы түсірістің сапасы айтарлықтай әсер ететіндігін атап өткен жөн.

Жобаны іске асыру Қазақстан Республикасы аумағының жоғары дәлдіктегі геодезиялық және картографиялық қамтамасыз етуін құруға мүмкіндік береді, осыған байланысты учаскенің шекараларын анықтау кезінде туындайтын даулар саны азаяды. Қазіргі кезде экономиканың, ғылымның, мәдениеттің бірде-бір саласы карталарсыз, жоспарсыз, атлассыз немесе басқа геодезиялық, топографиялық және картографиялық өнімдерсіз жұмыс жүргізе алмайды деп аса сеніммен айта аламыз. [2]

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде бірқатар стратегиялық маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Атап атқанда, 2018-2022 жылдарға арналған цифрлық Қазақстан, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасы. Бастапқы екі жоспар бойынша еліміздің бірқатар аумағының сандық топографиялық және ауылшаруашылық пландары мен карталары жасалуда. Тек олардың барлығы құпия сақталған.

Қордағы барлық карталар мен пландарды құпиясыздандырып, ашық қолданысқа енгізу қажет. Бұл ұлттық кеңістік мәліметтердің инфрақұрылымын құруда аса маңызды рөл атқаратынына сеніміміз мол.[1] Бастапқы кезеңде, ұлттық координаттар жүйесі құрылып қолданысқа енгізілген уақытта Қазақстан Республикасының аумағын ауданның қазіргі жағдайына сәйкес келетін геодезиялық және картографиялық ақпаратпен қамту қажет.

Әрине, құрылған карталар мен пландардағы ақпараттар барлығына бірдей қолжетімді болуы тиіс емес. Сондықтан олардағы құпия мәліметтерді тек шектеулі органдарға қолжетімді етіп, ал барша тұтынушыларға ашық қолданыста болатын карталар мен пландарды ұсынуымыз қажет.

Қазіргі кезде метамәліметтері толық топографиялық карталар мен пландар, ауылшаруашылық алқаптарының фотокарталары дайындалуда. Метамәліметтер тұтынушыға қажетті барлық ақпаратты бере алуы қажет. Осы ретте, далалық дешифрлеу жұмыстары аса маңызды рөл атқарады.

Геоақпараттық жүйелер жинақталып, қажет уақытында жаңарып отырады. Геоақпаратты құраушылар қатары: метаақпараттар, объектілердің кеңістіктік қасиеттері, объектілердің уақытша сипаттамалары, координаталар арқылы кеңістіктік байланыстыру, географиялық идентификаторлардың кеңістіктік байланыстырылуы, векторлық мәліметтерді қолдану, растрлық

мәліметтерді қолдану, кескіндер үшін мәліметтер үлгісін қолдану, сапаны бағалау және т.б.

Әдебиеттер тізімі

1. Alipbeki, O., Kabzhanova, G., Kurmanova, G., Alipbekova, Ch. – Application of GIS technologies to monitor secondary radioactive contamination in the Delegen mountain massif // IOP Conference Series: Earth and Environmental Science, 2016
2. Информационный лист инвестиционного предложения государственного инвестиционного проекта «Национальная инфраструктура пространственных данных», 2019